

**2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесін бекіту туралы**

Қарақия ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 06 мамырдағы № 94 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 01 маусымда № 11-4-119 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 14 бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесі бекітілсін.

2. Қарақия ауданының әкімдігінің 18.03.2011 жылғы № 61 “2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесін бекіту туралы” қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т.Төлешовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә.Дауылбаев*

**К Е Л І С І Л Д І :**

«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі»  
М М - нің бастығы  
Ә . Ә б д і х а л ы қ о в а

06 мамыр 2011 жыл

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»  
М М - нің бастығының міндетін атқарушы  
М . Б . Б а л ы қ б а е в а

06 мамыр 2011 жыл

**2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесі бекітілсін**

№	Мамандықтар тізбесі	Оқыты-латын-дардың саны	Оқу мер-зімі (ай)	Орта-ша оқу ақысы (1- ай) теңге	Оқудың барлық құны, мың теңге	Бір күнге жол құны, теңге	Жолдың жалпы құны, мың теңге	Оқытуға төленетін барлық шығын, мың теңге
1	Аспазшы-кондитер	10	1,5	10000	150	1000	330	480
2	Шаштараз	10	1,5	15300	230	1000	330	560
3	Жүк ілгеуші	10	1	15000	150	1000	220	370
4	Электргазбен дәнекерлеуші	10	2	10000	200	1000	440	640
5	Ағаш конструкция-ларын құрастырушы	10	1	15000	150	1000	220	370
6	Изолировщик	10	1	15000	150	1000	220	370
7	Есепші (1-С бағдарламасы)	10	2	8000	160	1000	440	600
8	Скважиналар-ды барлау және пайдалану бұрғылау бұрғышының көмекшісі	10	2	10000	200	1000	440	640
9	Хатшы-референт	10	1	7300	73	1000	220	293
10	Дербес электронды есептеу машиналарының операторы	10	1	6500	65	1000	220	285
	<b>Барлығы:</b>	<b>100</b>		<b>112100</b>	<b>1528</b>	<b>10000</b>	<b>3080</b>	<b>4608</b>